

И.М. Филинова Опыт применения опорного конспекта в преподавании психологии студентам ВУЗА Вестник ТвГУ// Серия "Педагогика и психология". 2017. Выпуск 4. С. 197-200.

б. Казыгулова, А. Т. Творческая мастерская В.Ф. Шаталова / А. Т. Казыгулова. - Текст: непосредственный, электронный // Педагогика: традиции и инновации: материалы I Междунар. науч. конф. (г. Челябинск, октябрь 2011 г.). - Т. 1.- Челябинск.

GTAMP 27.01.45

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША МАТЕМАТИКА ПӘНІН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІМЕН КІРІКТІРЕ ОҚЫТУ

**В.С. МУЛДАГАЛИЕВ, А.Ғ.ҚАМАРАДИН**

*М. Өтемісов атындағы БҚМУ, Орал қаласы, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жаңартылған бағдарлама бойынша 8 сыныпқа сабақ беруде жаратылыстану пәндерін кіріктіре оқыту көрсетілген. Жаңартылған бағдарлама бойынша геометрия сабағына информатика, сызу пәндерімен кіріктіре отырып, «Параллелограмм, ромб, тіктөртбұрыш, шаршы және олардың қасиеттері мен белгілері» тақырыбына сабақ жоспары құрылды. Сабақ басында тақырыпқа сай пәндік және тілдік мақсаттар қойылып, бағалау критерийлері берілді. Сабақ барысында тапсырмалар ЖИГСО, ТӨДК, «Ыстық лебіз», Түрлі-түсті таяқшалар, Құпия зат, ЖАДА, «Егер ... онда...» және тағы да басқа әдістермен берілді. Сабақтың соңы кері байланыс және рефлексиямен қорытындыланды. Сабақ жоспарына саралау жасалды.

**Тірек сөздер:** жаңа бағдарлама, ЖИГСО, ТӨДК әдісі, бағалау критерийлері, дескриптор, рефлексия, кері байланыс.

**Аннотация.** В данной статье отражено интегрированное обучение естественнонаучным дисциплинам в 8 классе по обновленной программе. По обновленной программе составлен план занятий на тему: «Параллелограмм, ромб, прямоугольник, квадрат и их свойства и признаки», интегрированный в урок геометрии с предметами информатики, черчения. В начале урока были заданы предметные и языковые цели по теме, были даны критерии оценивания. В ходе урока были заданы задания ЖИГСО, ГДК, "горячий лебедь", разноцветные палочки, тайное вещество, еда, «Если... там...» и другими способами. В конце урока были подведены обратная связь и рефлексия. Был проведен анализ плана урока.

**Ключевые слова:** новая программа, ЖИГСО, метод ТДК, критерии оценки, дескриптор, рефлексия.

**Annotation.** This article reflects the integrated teaching of natural science subjects in the 8th grade according to the updated program. According to the updated program, a lesson plan was drawn up on the topic: "Parallelogram, rhombus, rectangle, square and their properties and features", integrated into the geometry lesson with computer science and drawing subjects. At the beginning of the lesson, subject and language goals were set on the topic, and evaluation criteria were given. During the lesson, tasks were set ZHIGSO, GDK, "hot Swan", colored sticks, secret substance, food, " If... there..."and in other ways. At the end of the lesson, feedback and reflection were summed up. The lesson plan was analyzed.

**Keywords:** new program, ZHIGSO, TDK method, evaluation criterion, descriptor.





Сабақ беру – жай ғана шеберлік емес,  
ол жаңадан жаңаны табатын өнер.  
Ж. Аймауытов.

Мектептегі білім мазмұнын құрылымына қойылатын қазіргі заман талаптарының бірі – дүние мен адам жөніндегі тұтас білімді жан-жақты қайта жасаумен сипатталады.

Білімге жаңа көзқарас, оның құнды мағынасын заманға лайықты түсінуден шығатын әлемдік тәрбиенің тұтас контекстімен арақатынасын белгілейді, білім мазмұны құрылымының нәтижесі ретінде білімнің жаңа формаларын жасауға бағыттайды. Бұл проблеманы шешудің тәсілдерінің бірі оқу материалының мазмұнын ұйымдастыру формасы ретіндегі интеграциясымен байланысты. Интеграция (латын тіліндегі қайта құру, толықтыру деген сөзден шыққан) кез келген элементтер мен бөліктерді тұтас біріктіруді көрсетеді. Интеграцияның диалектикалық аспектісі контексте оқу материалы мен ғылымның арақатынасын анықтау проблемасын қарастырады [1].


Кесте 1. 8-сыныптың геометрия пәніне арналған қысқа мерзімді жоспары

<b>Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:</b> Көпбұрыштар. Төртбұрыштарды зерттеу. <b>Күні:</b> <b>Сынып:</b> 8	<b>Мектеп:</b> <b>Мұғалімнің аты-жөн</b> <b>Қатысқандар:</b> <b>Қатыспағандар:</b>
<b>Сабақтың тақырыбы</b>	Параллелограмм, ромб, тіктөртбұрыш, шаршы және олардың қасиеттері мен белгілері.
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	8.1.1.5 параллелограмм белгілерін қорытып шығару және қолдану
<b>Сабақтың мақсаты</b>	1. Параллелограмм белгілерін тұжырымдау 2. Параллелограмм белгілері мен қасиеттерін салыстыру. 3. Параллелограмм белгілерін есеп шығаруда қолдану .
<b>Бағалау критерийі</b>	– параллелограмм белгілерін тұжырымдайды; – параллелограмм қасиеттері мен белгілерін салыстырады; – параллелограмм белгілерін ескере отырып, есептер шығарады.
<b>Тілдік мақсаттар</b>	<b>Оқытудың пәндік және тілдік мақсаты:</b> Қарама-қарсы қабырғалары қос-қостан параллель болатын төртбұрыш ... деп атайды. Параллелограмм және оның қасиеттерімен танысады, дәлелдемелерді айталады. Параллелограммның қарама-қарсы қабырғаларының параллель екенін біледі. <b>Лексика мен сөз тіркестері:</b> «Параллель түзулер», «үшбұрыштар теңдігінің белгілері», «кері теорема түсінігі», «төртбұрыш», «перпендикуляр», «периметр», «диагональ айқыш бұрыш», «вертикаль». <b>Диалогқа қажетті тіркестер:</b> Міндетті шешу үшін біз пайдаландық. Деректерді бейнелі көрсету үшін қолдануға болады. Егер төртбұрыштың ... болса, параллелограмм болады.
<b>Құндылықтарға баулу</b>	Мәңгілік ел жалпыұлттық идеологиясына негізделіп шығармашылық сын тұрғысынан ойлайтын, дені сау, еңбекке қабілетті тұлға қалыптастыру.

<b>Пәнаралық байланыс</b>	Есеп шығаруда, топқа бөлуде математикамен, суреттерді көркем информатика, сызу, өмірмен байланыстыру.	
<b>Алдыңғы білім</b>	Тіктөртбұрыш, шаршы, периметр, параллелограмм, параллелограмның қасиеттері.	
<b>Сабақ барысы</b>		
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>
Сабақтың басы (7 мин)	<p>“<b>Ыстық лебіз</b>” оқушыларды бір-біріне жылы лебіз білдіріп, бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.</p> <p>«<b>Түрлі-түсті таяқшалар</b>» Таяқша таңдату арқылы топқа бөлу.</p> <p>«<b>Құпия зат</b>» (<b>Параллелограмм туралы жалпы сипаттама</b>). Параллелограмм анықтамасы мен қасиеттерін айта отырып, өткен сабақтағы білімдерін тексеру.</p> 	<p>түрлі-түсті таяқшалар</p> <p>«<b>Құпия зат</b>» слайды</p>
Сабақтың ортасы (20 мин)	<p>«<b>ЖАДА</b>» әдісі. Параллелограмның қасиеттерінің әрқайсысына кері сөйлемді өз беттерінше құрастырып, нәтижесінде параллелограмм белгілері деп аталатын теорема алады. Сұраққа топпен отырып жауап іздейді, талқылайды, жаңа тақырыпты бір-біріне түсіндіреді, дәлелдейді.</p> <p><b>1 белгі: (1 топ)</b> Қарама–қарсы қабырғалары тең және қарама –қарсы бұрыштары тең болса, онда ол параллелограмм болады.</p> <p><b>2 белгі: (2 топ)</b> Төртбұрыштың диагоналдары қиылысып, қиылысу нүктесінде қас бөлінсе, онда бұл төртбұрыш параллелограмм.</p> <p><b>3 белгі (3 топ)</b> Төртбұрыштың екі қабырғасы тең және параллель болса, онда бұл төртбұрыш параллелограмм болады.</p> <p><b>1-тапсырма (Т)</b> «Егер ... онда ...» белсенді әдісі арқылы төртбұрыш түрлерін анықтамаларымен сәйкестіндіріп, алдыңғы тақырыппен байланыстыра отырып, алған білімдерін тереңдету.</p> <p>Егер төртбұрыштың екі қабырғасы тең және параллель болса, онда ол-параллелограмм</p>  <p>Егер төртбұрыштың қарама-қарсы қабырғалары қос-қосан тең болса, онда бұл төртбұрыш-параллелограмм.</p>  <p>Егер төртбұрыштың диагональдары қиылысып, қиылысу нүктесінде тең екіге бөлінетін болса, онда ол-параллелограмм.</p>  <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– параллелограмм белгілерін біледі;</li> <li>– параллелограмм белгілерін сәйкестендіреді;</li> </ul>	<p>үлестірім е материал</p> <p>түрлі түсті кеспе қағаздар</p>

– параллелограмм белгілерін тұжырымдайды  
**ҚБ:** «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы оқушылар бір-бірінің жұмысын бағалайды.  
**2-тапсырма (Т) «Эйлер-Венн» әдісі.** Тиісті тақырып астына өзіңіз білетіннің барлығын жазыңыз. Параллелограмм белгілері мен қасиеттерін салыстыра отырып, ойлау қабілеттерін дамыту.

«Венн диаграммасы» слайды




**Дескриптор:**

- параллелограмм қасиеттерін анықтайды;
- параллелограмм белгілерін анықтайды;
- параллелограмм қасиеттері мен белгілерін салыстырады;
- параллелограммның ортақ сипаттамаларын жазады.

**ҚБ:** Басбармақпен өзара бағалау [2].

**3-тапсырма (Ж) «Дизайн» әдісі** арқылы орындалады шебер айшықты гүл құрақ құрамақшы болып 6 параллелограмм тәріздес бейнелер қиып алды, құрау барысында бір нүктеде түйсетін параллелограммның сүйір, толық бұрыштары қандай болуы керек?, 6 параллелограмм тәріздес бейнелердің тең екендігін дәлелдеу.



**Дескриптор:**

- төртбұрыш түрін анықтайды;
- төртбұрыштың қасиеттерімен байланыстыра отырып, белгілерін дәлелдейді;
- сүйір бұрышын табады;
- толық бұрышын табады.

**ҚБ:** «ТӨДК» әдісі арқылы оқушылар бірін бірі бағалайды. Толықтырады, өзгертеді, дамытады, күрделендіреді.

үлестіріме материал, сурет

Сабақтың соңы (13 мин)

«Дамыту картасы» арқылы кері байланыс жасай отырып сабақты қорытындылаймын.

Не білемін?	Не білгім келеді?	Не білдім?

үлестіріме карточка

**Рефлексия: «Бес саусақ» әдісі.** Қағаз бетіне қолыңызды қойып, саусақтарыңызды айналдыра сызады. Әр саусақтың өзінің мәні бар, солар бойынша өз ойын білдіре отырып, жан-жақты қарастырады.

- 1. Бас бармақ – мен үшін маңызды және қызықты болды .....
- 2. Сұқ саусақ – мен бүгін ..... түсіндім.

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 3. Ортаңғы саусақ – мен үшін ..... қиын болды.</li> <li>• 4. Төртінші саусақ – менің бағам ..... , өйткені...</li> <li>• 5. Шынашақ – Мен ..... білгім келеді.</li> </ul>	
<b>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</b>	<b>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</b>	<b>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</b>
<p><b>«Қарқын».</b> Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді.</p> <p><b>«Жіктеу».</b> Оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құрады. (Талаптары әртүрлі оқушылар)</p> <p><b>Қорытынды.</b> Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады.</p>	<p>Бағалау кезінде қалыптастырушы бағалаудың мүмкіндіктерін пайдаланамын. Мен сабағымда «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы оқушылар бір-бірінің жұмысын бағалайды.</p> <p>Басбармақпен өзара бағалау. «ТӨДК» әдісі арқылы оқушылар бірін бірі бағалайды. Толықтырады, өзгертеді, дамытады, күрделендіреді.</p>	<p>Сабақта қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, жұмыс атқарады [3].</p>

Қазіргі таңда білім беру жүйесі барлық пәндерді өзара байланыстыра, кіріктіре, сабақтастыра отырып оқыту арқылы білім беріп, жастарды шығармашылық іс-әрекетке үйрету, жекебас дербестігін дамыту, бойларына жауапкершілік, орнықтылық қалыптастыру т.б. мәселелерді шешу мақсатын көздеп отыр. Бүгінгі күні мектептегі оқу пәндерінің мазмұны мен мақсаты тәрбиелеу мен оқытудың жұмыс түрлерін ұштастыра отырып, одан әрі жетілдіруді, өмірмен байланыстыруды міндеттеп отыр. Теориялық білімді игерту мен жаңғырту және оны жаңа жағдайға іс жүзінде лайықтап қолдануға үйреткенде ғана оқушылардың алған білімі мен біліктілігі шынайы да нақтылы қалыптасады. Осындай жолмен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық маңызы да зор болады [4].

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақбаева Д. «Пәнаралық байланысты жүзеге асыру»// ИФМ журналы. -2017 ж. -97-№2. Б.69-71.
2. Б.Айтуллина, В.Павловская «Пәнаралық байланыс»//ИФМ журналы. -2016 ж.-94-№6. - Б.12-14.
3. Ошақбаева А.А., Ошақбаев Б.Ш., Кусманова Б.Б.//Математика сабағында саралап оқыту: әдістемелік құрал.-Астана. «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ типографиясында басылды, 2018 ж. -62 б.